

Полагаем, что в целях более эффективного применения ст. 281 «Загрязнение, засорение и истощение вод» Уголовного кодекса Республики Казахстан от 16 июля 1997 г. ее следует изложить в новой редакции:

«Статья 281 «Загрязнение, засорение и истощение вод»

1. Загрязнение, засорение, истощение поверхностных или подземных вод, ледников, снежников, источников питьевого водоснабжения либо иное изменение их природных свойств, если эти деяния повлекли причинение существенного вреда водам, животному или растительному миру, рыбным запасам, водному, лесному или сельскому хозяйству, — наказываются...» и далее по тексту.

Список литературы

1. *Бекишева С.Д.* Экологическое право Республики Казахстан. — Караганда: Арко, 2009. — 472 с.
2. *Дубовик О.Л.* и др. Проблематика борьбы с экологической преступностью в научных исследованиях и судебной практике ЕС // Экологическое право. — 2008. — № 1. — С. 25–34.
3. Комментарий к Водному кодексу Российской Федерации. — М.: Изд-во «НОРМА», 2002. — 282 с.
4. Постановление Правительства Республики Казахстан «Об утверждении Правил отнесения водного объекта к источникам питьевого водоснабжения» от 23 января 2004 г. № 75 / СПС «Юрист», 2010.
5. Комментарий к статье Э.Н. Жевлакова / Уголовный закон в практике районного суда: Науч.-практ. пособие. — М.: Изд-во «НОРМА», 2007. — С. 695–699.
6. *Куставлетов С.М.* Уголовно-правовая и криминологическая характеристика загрязнения, засорения и истощения вод, загрязнения атмосферы и порчи земли: Дис. ... канд. юрид. наук. — Караганда, 1999. — 174 с.
7. Природоохранная прокуратура Карагандинской области взыскала с АО «АрселорМиттал Темиртау» 30 млн тенге за загрязнение окружающей среды / <http://pravozakon.kz/124485-prigodookhrannaja-prokuratura.html>
8. Закон РК «Об особо охраняемых природных территориях» от 7 июля 2006 г. / СПС «Юрист», 2010.
9. Экологический кодекс РК от 9 января 2007 г. // Казахстанская правда. — 2007. — 23 янв.
10. *Дубовик О.Л.* Анализ состояния экологической преступности и правонарушаемости // Аграрное и земельное право. — 2006. — № 5. — С. 84–92.

ӘОЖ 316. 628: 343 (574)

Тұрмыс аясындағы абайсыз қылмыстардың жасалу механизмі

Уәлиева Ж.Б.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

В статье рассматриваются вопросы механизма совершения неосторожных бытовых преступлений. Проводится сравнительный анализ определений различных авторов, на основе которого автор предлагает свои выводы по определению понятия механизма неосторожных преступлений. Раскрываются основные элементы механизма совершения неосторожных бытовых преступлений на основе практического материала.

In presented clause questions of the mechanism of fulfilment of careless household crimes are considered. The comparative analysis of definitions of various authors and on the basis of the given analysis is spent, the author offers the conclusions by definition of concept of the mechanism of careless crimes. As on the basis of set of practical materials basic elements of the mechanism of fulfilment of careless household crimes reveal.

Әзірге жасалу механизмі мардымсыз зерттелген абайсызда қаза келтіру, абайсызда денсаулыққа зиян келтіру және т.б. абайсыздық жағдайларының өсуі байқалады, сондықтан абайсыз қылмыстылықпен күрес тиімділігін арттыру міндеті тек техникалық емес, басқа да абайсыз қылмыстарды терең және барлық жағынан ғылыми талдау жолымен шешілмек [1; 41]. Теориялық әрі тәжірибелік тұрғадан маңызды болған жерде тұрмыс аясындағы абайсыз қылмыстардың жасалу механизмінің мазмұны мен жүзеге асырылу жолдарына арналған сұрақтарды ыждағаттылықпен талдауға мұқтаждық бар. Әлеуметтік өмірдің тұрмыстық саласындағы абайсыз қылмыстардың

жасалу механизмін зерттеу — осы қылмыстардың қоғамдық қауіптілігі мен олардың пайда болу себептері және шарттарын түсінудің негізі.

Абайсыз қылмыстардың жасалу механизмі, оның ниеттілігі, мақсаты, қылмыстық оқиға, абайсыз қылмыскер тұлғасы жөнінде арнайы қалам қозғаған авторлардың еңбегі көбіне техникалық, лауазымды абайсыздық мәселелеріне арналғандықтан, тұрмыстық абайсыздықтың жүзеге асырылу тетігін құрайтын әлеуметтік-психологиялық элементтер мен бұл механизм сатыларының ерекшеліктері мәселелерінің кенже қалып қалған тұстарын зерттеуді жөн көрдік. Мұндай зерттеу ғылыми тұрғыдан осы қылмыстарды жасаушы қылмыскер тұлғасын және тұрмыстық абайсыздыққа жол беретін себептер мен шарттарды құрайтын қоршаған ортаны дәйектілікпен ашу, тәжірибелік тұрғыдан осы қылмыстарды болдырмауға әрі қолсұғушының тұлғалық бағытын өзгертуге септігін тигізетін шараларды айқындауға мүмкіндік береді.

Тұрмыс аясындағы абайсыздықтың механизмін зерттеудің зерделену уәжі — қасақана қылмыстың жасалу тетігіне арналған жалпы мәселелер мен абайсыздықтың басқа түрлерін жасау механизмін қамтитын сұрақтардың салыстырмалы қырлары болмақ.

Жалпы қылмыстық мінез-құлық себептерінің қалыптасуына арналған теориялық пікірлерді зерделеп, профессор В.Е.Квашиш «абайсыз қылмыстардың көпжақты тұспалдары салдарынан арнайы деңгейде де, жеке дейгейде де олардың себептері мен шарттары қылмыстылықтың себептілігі және нақты қылмыстың себептері жөніндегі криминологияда қалыптасқан жалпы теориялық ережелердің желісіне жатпайды деген қорытындыны [2] біз қолдаймыз. Әсіресе абайсыз қылмыстардың өмірдің түрлі салаларына қолсұғатынын ескерсек, қасақана қылмыстарды туындататын детерминанттар абайсыздықтың да себепшісі деген дәстүрлі қалыптасқан ойлар жетім.

Осы ережелердің негізінде біз тұрмыстық абайсыздықтың жасалу механизмін құрайтын объективтік және субъективтік факторлардың қайсысы осы әрекетті туындатып, қайсысы осы әрекеттің жасалуына қолайлы жағдай туғызатынын анықтауды мақсат еттік. Адамды белгілі бір бағытта әрекет етуге итермелейтін басты себеп — оның санасы мен еркі, қылмыстылықтың арнайы себептерін қоғамдық, топтық және жеке санадағы ақаулардан іздеу керек [1; 44] деген қағидаларды басшылыққа ала отыра, біз тұрмыс аясындағы абайсыз қылмыстардың басты себепін осы қылмыстарды жасаған адамдарды жеке басының белгілері мен әлеуметтік тұрпатынан іздейміз.

Тұрмыстың жеке тұлғалық-тұрмыстық (отбасы, туыскандық), коммуналдық-тұрмыстық (достық, жолдастық, көршілестік), өндірістік тұрмыс (өндіріс барысында еңбектен тыс уақытты өткізумен байланысты) және қоғамдық-тұрмыстық (өндірістік және қоғамдық тұрмыс, тұрмыстық қызмет ету, қоғамдық ортадағы қарым-қатынас) салаларында жасалған ҚР ҚК 101-б. бойынша сараланған біз зерттеген қылмыстық істердің 34,6 % отбасындағы, 30,7 — коммуналдық-тұрмыстық ортадағы, 15,3 — қоғамдық-тұрмыстық ортадағы, 11,5 % өндірістік-тұрмыстық салада болған жағдайлар.

Адамның тұлғалық қалыптасуы, оның мінезінің шынығуы, белгілі бір мінез-құлық әдеттері мен бағдарының орнығуы, материалдық және рухани құндылыққа қарым-қатынасы алдымен отбасында сомдалатынын айтайық. Сонымен бірге отбасы — оның мүшелерінің арасындағы қарым-қатынас ортасы. Көп жағдайда отбасы мүшелері ұзаққа созылған кикілжіңнің қатысушылары болады, ал аяқ астынан туындаған дау құқықбұзушылықтың себебі болып жатады. Осы саладағы біз зерттеу жасаған абайсызда қаза келтіру қылмыстарының жәбірленушісі болып 22,2 % балалары, 33,3 — күйеуі, шамамен бірдей үлесте 11 — әйелі, әжесі, әкесі, 3 % күйеу балалары танылған. Отбасында абайсызда кісі өлтіру қылмысын жасаған әйелдер 55,5 % құраса, 44,4 — еркектер құраған. Келтіріліп отырған мәліметтердегі отбасындағы осы қылмыстардың басымшылығы әйелдермен жасалатыны қынжылтатын жайт. Балаларының өміріне абайсызда қаза келтірген қылмыскерлердің барлығы әйелдер.

Әйел қылмыскерлердің балаларына қатысты жасаған әрекеттердің себептері күйеулеріне қатысты жасаған қылмыстардың себептерімен салыстырғанда әрқалай. Мысал: Көкшетау қалалық сотының үкімі бойынша Д. өзінің жаңа туған бір айға толмаған баласына абайсызда қаза келтіргені үшін сотталған. Ол күйеуінің туған күнін тойлап, қонақтарды күткен, тойлау үстінде алкогольдік ішімдік ішкен, туған күн тойынан шаршаған күйінде кішкене баласын емізбекші болған. Қасына алып жатқан баласының аузына төсін беріп, емізіп жатып ұйықтап қалғанын білмей қалған. Нәтижесінде кішкентай К. жоғарғы тыныс жолдарының жұмсақ нәрсемен жабылып қалуының кесірінен, механикалық асфиксиядан қайтыс болған. Жұмсақ нәрсе анасының төсі болған. Бұл әрекетте Д. кішкене баласының өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шараларға мүлдем селқос қараған.

Қылмыстық істі қарау барысында біздің анықтағанымыз. Қылмыскер Д. отбасындағы 4 баланың екіншісі, анасы ішімдік ішкен, ата-аналық құқығынан айрылған, өзі 11 жастан темекі шеккен, 17

жасынан арақ ішкен, мектепте нашар оқыған, 8-сыныптан мектепті тастап кеткен. Көршілердің көрсетуі бойынша, бұл отбасы қоғамға жат өмір сүреді, санитарлық-гигиеналық, тазалық нормаларын сақтамайды, Д-ның өзі де, үлкен қызы да үнемі кір-қожалақ жүреді, балаларына еш қамқорлық танытпаған, үй-жайды шаруашылықты жүргізуге немқұрайлы қараған әрі ол, мүмкіндік болса, ішімдік ішкенді қалайды екен [3].

«Перзентханада әрбір ананы баланы емізу ережелерімен таныстырып, баланы жатып емізуге болмайды, тек отырып емізу туралы кеңес беріледі, сонымен қатар бұл бала Д-ның екінші баласы, демек оның баланы асырау, емізу тәжірибесі бар» деген дәрігерлерден алған жауабымыз және Д-ның ішімдік ішіп баласын емізуі, Д-ның баланы асырау, тәрбиелеу ережесін бұзғанын куәландырады. Сонымен бұл қылмыстың себептері Д-ның шаршағаны, ішімдік ішкені, бала асырау ережелеріне селқос қарауы танылса, келесі мысалдан біз отбасындағы ұзақ уақыт бойы қалыптасқан кикілжінді қылмыс себебі деп айтуға болады.

Қарағанды қаласы Октябрь аудандық сотымен қарастырылып, айып тағылған К-ның қылмысы бойынша келесі жағдайлар анықталды. Қарағанды қаласы Восток-3 мөлтек ауданында тұратын жәбірленуші А. жастайынан көзі көрмейтін мүгедек. 2006 ж. 07 наурыз күні 15.00 сағатта өз үйінде әйелінің көзінше ішімдік ішкен. Кешкі 17.00 сағатта мас күйіндегі А. әйеліне ашуланып, негізсіз тиісе бастайды. Оның әйелі К. күйеуінің ашуын баспақшы болады, бірақ А. оған құлақ аспай, әйелін жұдырықпен, аяғымен ұрады, одан соң пәтер ішінде аласұрып, айнала қозғалады. Көзі көрмегеннен қолына не түседі сонымен әйеліне мезгеп лақтырады. Күйеуінің қолына пышақ алып алатын әдеті барын білетін К. оның алдын орамақшы болып, пышақты қолына алып алған. Пышақты тығып қоямын деген оймен К. бөлмеден шығып кетпекші болады. Алайда А. оны бөлмеден шығармай, бөгейді. К. күйеуіне қолында пышақ барын ескертеді әрі бөлмеден шығаруын өтінеді. А. ескертуге құлақ аспай, К-ға бас салып, төнеді де, К-ның қолындағы пышаққа түседі, одан соң да қозғалысты әрекеттерді істейді, бірақ ауырсынып, мен дем аламын деп жатып қалады. 3 сағаттан кейін А. өт артериясына зақым келуінің салдарынан өлген.

Іс материалдары бойынша К. өзінің мүгедек күйеуіне оның күштеуімен отасқан, өйткені ол жасында өзін зорлаған екен. Кейін күйеуі өзіне қызғаншақтық білдіріп, үнемі жұмысында еркектермен қыдырасың деген айыптамалар тағады екен, осындай даулардың арты әрқашан ұрып-соғумен бітеді. Күйеуі басынан табуреткамен ұрғаннан кейін параноидті психоздан емделген. Баласы мен келінінің көрсетуі бойынша, А. мүгедек болған соң жұмыс істемейтін. Ішімдік ішеді, мінезі күйгелек, мас күйінде де, сау күйінде де әйелімен керісіп, оны кез келген мәнсіз жағдайлар бойынша түйгіштей беретін.

Психологтың қорытындысы бойынша К. өзі туралы айтқанда күйеуі екеуінің арасындағы кикілжіндерді ғана есіне алады, оны айтып жылайды, мінезінен (Айзенк, Сонди, Люшер) тұлғалық әдістері бойынша пессимистік, белсенділіктен арылған, қоршаған ортаның әсеріне бағыныштылық, тәуелділік, жоғары эмоциялық кернеу, үрей, бақытсыздық сезімдерін байқаған. Даулы, кикілжін жағдайларда өзін қорғау реакциясын танытады, көбіне ондай жерден басын алып қашады, кикілжіннің конструктивті шешімдерін ұсынбайды, әрекеттің үдеуі тежелген [4].

Келтірілген мысалдардың себептері әр түрлі отбасында қалыптасқан жағдайларға байланысты, біріншісінде, әйел адамгершілік құндылықтары төмендігінен қауіпсіздік ережелерін бұзса, екінші мысалдан әйелдің отбасындағы кикілжін салдарынан қылмыстық мінез танытқанын білеміз.

Біздің зерттеуімізде болған қылмыстардың басым көпшілігінде қылмыскерлер өзінің қоршағандардың мінез-құлқына төзімсіз сынай танытқан.

Коммуналдық-тұрмыстық қатынастардың теріс өрбуіне себепші жағдайдың тағы бір түрі көрші немесе таныстардың бір-бірі туралы лақап мәлімет таратуы. Оған мынадай мысалдар келтіруге болады. Соңғы екі мысалдың себептерін алдын алуға болушы еді. Бөтеннің көзінен таса, жасырын сипатқа ие отбасылық-тұрмыстық қатынастарға қарағанда, коммуналдық-тұрмыстық ортадағы, қоғамдық-тұрмыстық ортадағы, өндірістік-тұрмыстық салада болатын жағдайлар ашық және оған үшінші тұлғалар да қатысады. Оқиғаның куәлары немқұрайлы ниет танытатыны өкінішті.

Ақмола облысы Сандықтау аудандық сотымен ҚР ҚК-нің 101-б. 1-б айып тағылған Б-нің әрекеті. Б. көршісі Е-нің өзі туралы ұрланған заттарды сатады деп кәуесет сөздер таратқанын естиді. Неге ондай сөз тарататынына жауап іздеп, көршісіне барады. Екеуі үйдің кіре берісінде сөз таластырады. Одан Б. мен Е. төбелесе бастайды. Төбелестің арты Е-нің үйінде жалғасады. Сырттан кірген Е-нің әйелі оларды арашалаймын деген оймен Б-ның сол қолына жармасып, өзіне қарай тарта бастайды. Қайрылған қолын босатпақшы болған Б. қатты күшпен әйелді итеріп жібереді. Әйел басын

табалдырыққа соғып ессіз құлайды. Б. Е-ге көмектесіп әйелін үйіне кіргізіп бергеннен кейін, кетіп қалады. Бас миының зақымдануы салдарынан 5 күн комада жатқан Е-нің әйелі есін жинамастан, жан тапсырған [5].

ҚР ҚДЖК 8 б сай қылмыстық процестің басты міндеттерінің бірі заңдылық пен құқық тәртібін нығайту және қылмыстың алдын алуын айтсақ, тұрмыстық абайсыздыққа ықпал ететін мән-жайларды болдырмау — онымен күрестің тиімді бір жолы. Сот төрелігін жүзеге асыратын органдар мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың, ұйымдардың немесе олардың басшыларының назары аударылған іс бойынша анықталған заңның бұзылу фактісі, қылмыс жасауға себепші болған және тиісті шаралар қабылдауды талап ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша жүргізілген шараларын талдау қызметін жүргізбейтіні қынжылтады.

Біздің категориядағы істер бойынша соттың ҚР ҚДЖК 387-б. 3-б бекітілген жеке қаулысымен ұйымдар мен еңбек ұжымдарының назарын жекелеген азаматтардың өндірістегі немесе тұрмыстағы теріс мінез-құлқына немесе олардың қызметтік не азаматтық борышын бұзуына аудару құқығын іске асырғанын тіпті кездестірген жоқпыз.

Жоғарыда мысал келтірген Ақмола облысы бойынша үкім шығарылған анасының өз сәбиінің өміріне абайсызда қаза келтірген қылмысына келер болсақ, ол әйелдің өлтіріп алған баласынан басқа 3 жасар тағы баласы барын үкімнің кіріспе бөлімінде бекіткен. Үкімнің қорытынды бөлімінде Д-ны айыпты деп танып, 2 жылға бас бостандығынан шартты түрде айырған. Істің барысында көршілердің, перзентхана дәрігерлерінің куәландыруы бойынша, сот Д-ның қылмысқа дейінгі мінез-құлқын келеңсіз деп таниды. Ішімдік ішетінін, балаларын асырауы бойынша міндеттерін тиісінше атқармайтынын анықтайды [3]. Бірақ Д-ның теріс мінез-құлқына ықпал ететін шараларды іске асырмайды. Біздіңше, бұл сот тарапынан жергілікті әкімшілік және Қазақстан Республикасының қорғаншылық және қамқоршылық органдарының назарын аударатын жағдай. Өйткені Д-ның асырауында және тәрбиеленуінде қалған екінші баласының тағдырына еш кепілдік жоқ. Ол балаға қатысты анасының қылмыстық мінез-құлқына жол бермеудің кепілі Қазақстан Республикасының қорғаншылық және қамқоршылық органдарына соттың жүктеген міндеттемесі болмақ.

Абайсызда жасалатын қылмыстың жағдайы және оның уәзіпті элементтерінің өзара байланысы мен ұйқасы жөнінде біртұтас анықтама қалыптастыру үшін криминологияда «абайсыз қылмыстың оқиғасы» түсінігі қолданылады [8; 56]. Тұрмыс аясындағы абайсыз қылмыстардың оқиғасы өзгеше мәнге ие. Егер әлеуметтік өмірдің осы саласында жасалатын қасақана қылмыстар оқиғасының ролі осы қылмысты жасаудың негізгі шешуші болса, абайсыз қылмыстардың оқиғасы осы қылмысты жүзеге асыруға басқаша әсер етеді. Біз бұл жерде оқиғаның абайсыз қылмысты жасау механизмінің тұспаласатын үш тұсын:

- біріншіден, оқиға шешім таңдаудың ниеттілігі үдерісінде тұлғаға әсер етеді;
- екіншіден, оқиға тұлғаға және қылмыс қаруына шешімді орындау үдерісінде әсер етеді, нәтижесінде қару басқарушы субъектінің бақылауынан таса болады;
- үшіншіден, оқиға қылмыстық нәтиженің пайда болуына тікелей қатысады деп берген [6; 190] ғалымдарды қолдап, абайсызда тұрмыс аясында жасалатын қылмыстардың оқиғасы объективтік мазмұнымен бірге субъективтік сипатымен ерекшеленетінін айта кетейік.

Криминологиялық әдебиеттерде қылмысты «жеке тұлға мен оқиғаның» бірлесіп әрекет ету нәтижесі деген пікірлер аз емес. Жұмысымыздағы талдау жүргізу мақсаты бойынша тұлға тұрмыстық абайсыз қылмыстардың оқиғасын бүтіндейтін белсенді элементі саналады. Бір жағынан, нақтылы өмірлік оқиға тұрмыс аясындағы қылмыстарды жасауға белгілі бір жағдай тудырса, екінші жағынан — субъектіге қылмыстық нәтижеден құтылу, оларды болдырмау немесе қауіпті әрекеттен бас тартуға мүмкіндік береді. Нақтылы оқиға — тұлға мен жағдайдың бірігіп әрекет етуінен туындайтын келеңсіз нәтиженің алғы шарты. Құқықбұзушы мінез-құлқы мен оның салдарына әсер ететін белгілі бір жағдаймен жанасады. Субъектінің әрекеті тұрмыс аясында жасалатын қылмыстардың бірі болып есептелуі үшін бірнеше қажетті шарттар мыналар: алдымен, оқиға жасалып отырған тұрмыстық абайсыздық әрекеттің қауіптілігі жөнінде ақпарат беруі керек, екіншіден, оқиға субъектіге осы әрекеттен туындайтын іс жүзіндегі зардаптардан құтылу мүмкіндігін беруі керек, үшіншіден, тұлға өзінің жеке психологиялық қасиеттерінің арқасында осындай ақпаратты сезініп, қылмыстық нәтижеге жол бермейтін дұрыс шешімді таңдап алуы керек.

Демек, абайсыз қылмыстардың алғы шарты болып табылатын нақтылы оқиға объективтік мазмұнына қарай белгілі бір деңгейде қылмыс жасауға септігін тигізсе, кейде субъектіге құқылы әрекет етуге мүмкіндік береді. Ал абыржудың кесірінен субъекті қажетті шешім қабылдай алмауы

салдарынан қоғамдық қауіпті нәтиженің туындауы күрделі әрі қауіпті оқиғаның нәтижесі. Мұндай кезде тұлға келеңсіз нәтиженің пайда болатынын болжап біле тұра, қалыптасқан оқиғада дұрыс шешім таба алмай, қаза келтіру, денсаулыққа зиян келтіру, мүлікті жою немесе бүлдіруне әкеп соғатын әрекеттер жасайды.

Қауіпті оқиғаның қылмыс салдарына айналған жайты төмендегідей. Қарағанды қаласы Октябрь аудандық №3 сотымен қарастырылған қылмыстық іске талдау жасайық. Сотталушы М. өрт қауіпсіздігі қызметінің қызметкерлері өрт сөндіру кезінде электр тасымалдау желісінен қиып тастаған сымды ОБ-15 қарауылы бастығының ескертуіне қарамастан, электр қуатымен қамтамасыз ететін «Қарағанды-Жарықтың» ЖШС авариялық қызметкерлері келгенше, өз бетімен электр қуатының көзіне қосады. Нәтижесінде тоқ сымның электр тасымалдау желісіне қосылғанын білмеген өрт сөндіруші Г. өрт сөндірудің құрылғыларын жинап жүрген кезде, сол сымның жерде жатқан шетін басып кетеді. Тоқ соққанның кесірінен Г. тұрған жерінде құлап, реанимациялық шаралар да көмектеспей, қайтыс болады [7].

Электр қуаты өте жоғары қауіптілік көзі екенін екінші бірі біледі. Өрт сөндіру мақсатында электр тасымалдау желісінен тоқ сым кесілгенін біле тұра, өз бетімен сымды электр тасымалдау желісіне қосуға болмайтыны жөнінде ескерту алғанына қарамастан, өрт сөндіру қызметкерлерінің осы қауіпті телімде шаралар өткізіп жатықанын көре тұра М-нің әрекеті — қауіпті оқиға кезінде адамның өміріне абайсызда қаза келтіруге әкеп соққан теріс шешім қабылдаудың мысалы.

Талдауда болған қылмыстық істердің оқиғасының барлығы бірдей қауіпке ие болғанын тұжырымдай алмаймыз, өйткені кей жағдайда қылмыстық нәтиже оқиға біртіндеп, дами келе туындайды. Оқиғаның бастамасы қауіп төндірмейтін кезде, субъектінің өзі мүлде бейтарап оқиғаны әрекетімен немесе жәбірленушімен өзара бірлесіп қауіптендіреді.

Тұрмыстағы қылмыстардың менмендікпен жасалған түрлеріне субъектінің зардапты туындауын болжай алатын және зардапты болдырмауға жеңілтектікпен үміттенген жағдайлар алғы шарты болады. Субъектінің зардапты болдырмауға сенімі өрбіп жатқан оқиғаны үстірт талдауға негізделеді, оның ойынша, зардаптарды болдырмауға қажетті шарттардың бәрі бар. Шатасқан субъект жағдайдың мәнін асыра бағалайды.

Немқұрайдылық туралы сөз қозғасақ, қалыптасқан оқиға субъектіге әрекетінің зардап келтіретінін ұғыну мүмкіндігін береді, бірақ ол жағдайды шала-шарпы түсініп, зардаптың туындауын болжап білмейді. Зардапты болжау мүмкіндігі болмаған жағдайда жазықсыз зиян келтіру болып есептеледі.

Нақтылы өмірлік оқиға — тұрмыстағы абайсыз қылмыстар тетігіндегі сыртқы шарттар болып табылатын объективтік факторлардың бірі. Келеңсіз нәтиженің туындауы бүтіндей субъективтік факторларға тәуелді.

Тұрмыс аясындағы қылмыстардың мінез-құлқының әлеуметтілігімен қатар, тұлғалық қырларын есте ұстайық. Бұл қылмыстардың әлеуметтік мәні қылмыскер тұлғасының психологиялық қасиеттерін терең зерттеусіз толық ашылмаған болар еді. Жоғарыда айтылғандарды ескере отыра, абайсызда жасалған қылмыстардың тетігінің айрықша психологиялық қырларын:

- а) абайсыз қылмыстардың негізінде субъектінің кінәлі, «кешірілмейтін» қателігі жатады;
- ә) сезінетін немесе сезінбейтін факторлар, сонымен қатар ерік қадағалауында болатын немесе болмайтын факторлар (қасақана қылмыстарға қарағанда) абайсыз қылмыстарда өзгеше сабақтасады;
- б) абайсыз қылмыстарды жүзеге асырғанда ниет пен мақсат (қасақана қылмыстарға қарағанда) өзгеше әлеуметтік-адамгершілік сипатқа ие болады; ниет пен мақсат және келтірілген зардап арасындағы алшақтық байқалады деп бағалаған авторлардың пікірін [6; 187] құп көрдік.

Абайсызда тұрмыс аясында қылмыс жасайтын тұлғалар жөнінде жеке статистикалық есепке алу жүргізілмейтінін ескерсек, ондай қылмыскерлердің әрекет жасау механизмін зерттеу — тірнектеп жиған еңбек.

Тұрмыстық абайсыз қылмыстарды жасаған қылмыскер тұлғасы деп сыртқы жағдайлармен әрекеттесуінің салдарынан қылмыстың себебі танылған адамның әлеуметтік мәнді және әлеуметтік келеңсіз белгілері мен қасиеттерінің жиынтығын айтамыз. Осы категориялы қылмыскер тұлғасының криминологиялық сипатын беру үшін әлеуметтік мәртебесін, құндылық бағыты мен ниеттілігі жүйесін және психологиялық ерекшеліктерін жіктеуді жөн көрдік.

Адамның жеке тұлғасының құрылымын, оның қалыптасу заңдылықтары мен қозғаушы факторларды терең түсіну үшін жеке адамның қылмыстық мінез-құлқындағы басым ниеттердің табиғаты мен мәнін анықтау, үлкен теориялық және тәжірибелік маңызға ие болды [8]. Профессордың пікіріне қосылып отырған авторлардың бірі: «Кінәлі тұлғаның абайсызда қылмыс

жасауының ниеттілік өрісін анықтау жаза тағайындау кезінде елеулі мәнге ие болады, өйткені жауапкершілікті жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жай ретінде танылады дейді [9]. Адамның мінез-құлқын қалыптастыратын ішкі қозғауыштардың ғалымдардың назарына ілінуі тұрмыс аясындағы абайсыз қылмыстарды саралау кезіндегі, ондай қылмыстар үшін жазалау кезіндегі даулы сұрақтарды шешудің уәжі болмақ.

Соны бағыттағы зерттеулердің дәлелі бойынша адам әрекетінің қозғаушы күші ретінде танылған ниеттілік өрісі — тұрмыс аясында абайсыз қылмыстарды жасауға итермелейтін субъективтік фактор. Әрекеттің тетігінде қылмыстың шарттары мен жағдайлары кескінделген жеке-тұлғалық сипатымен өрнектелген мінез-құлық, оның қасиетін анықтауыш ретінде ниет пен мақсаттың қалыптасуының ішкі үдерісін, әлеуметтік мәнді объектілерге, заттарға, субъектілерге субъективтік қатысын айқындайды [10]. Автордың тұжырымдамасына сай, ниеттен біз әрекеттің жасалуының субъект үшін жеке тұлғалық мағынасын, ішкі рухани құрылымын сомдайтын компоненттердің субъектінің жасаған әрекетінде өрнектелуін көре аламыз. Олар тұлғаның даму қарқынына қарай қалыптасады және жекеше сипатқа ие болады.

Әрбір адам алдына қойған мақсатқа тұлғалық ерекшеліктері, қоршаған орта және қалыптасқан оқиғаның желісіне тәуелді әдістер мен құралдарды таңдай отыра жетеді. Тұрмыстық абайсыздық әрекеттерін жүзеге асыру барысында осындай таңдауды жеңілдететін жағдайлар: тұлғаның жеткіліксіз интеллектуалдық дамуы, өз мінез-құлқының нәтижесін мардымсыз болжау, эмоциялық тұрақсыздық, ұшқалақтық, өз мінез-құлқын саналы басқару қабілетінің жеткіліксіздігі, жеңілтектік, тәртіпсіздік.

Жалпы абайсыз қылмыстардың механизмін зерттеу кезінде даулы сұрақтардың қатарына жататыны — осы әрекеттердің ниеттілігі. Қылмыскердің кінәсінің нысанына қарамастан, ниет пен мақсатты әрекет етушінің санасы мен еркінің міндетті элементі деп есептесек, абайсыз қылмыстардың, соның ішінде тұрмыстық абайсыздықтың ниетін ашу маңызды мәселелердің бірі болмақ.

Психологиялық әдебиеттерде ниеттілік белгілі бір әрекетті жасауды іштей қажет тұту немесе оны жүзеге асыруға тұлғаның психологиялық дайын болуы ғана емес, осы әрекетті жүзеге асыру үдерісі, қалаған нәтижеге жету жолдары ретінде танылған. Ниеттілік қарекеттің нақты нысандарын жүзеге асырудың бағыты мен жолдарын анықтайтын адамның мінез-құлқының сыртқы және ішкі факторлардың ұйқасуы ролін атқарады.

Тұрмыс аясында абайсызда жасалған қылмыстардың ниеттілігі туындаған нәтижемен тікелей байланыста болмайды, оның себебі — абайсыздықтың түрі. Менмендікте ниет пен мақсат қылмыстың нәтижесімен қамтылмайды, өйткені кінәлі қылмыстық нәтиженің туындамауына сенімді. Қылмыстық мінез-құлықты жүзеге асыру барысында тұлғаның әрекетті кезекпен таңдау мүмкіндігі болмайды немесе ол қалауынша қайшы мінез-құлық түрін таңдайды. Субъектінің мұндай мінез-құлқының бір ниеті нәтиженің туындамауына сенімділігі де, мақсаты — осындай нәтижені алдын алу. Немқұрайлылықта қылмыстық нәтиже адам санасымен кескінделмегеннен, ниеттену үдерісінен мүлде орын таппайды, алайда мінез-құлық ниетке ие. Абайсыз қылмыстардың ниеті көбінесе өмірлік оқиғаға тәуелді.

Біздің ойымыздан шыққан П.С. Дагельдің ұсынған жіктеуінің негізінде тұрмыс аясында абайсызда жасалған қылмыстардың ниеттерінің сипаты мен мазмұнына талдау жасайық. Жағымды ниеттерге автор тұлғаның өз құқықтарын және мүдделерін қорғау, қызмет көрсету, қамқорлық таныту, өндірістік сипаттағы ниеттерді жатқызады. Олардың қатарына жұмысымызда қарастырған Қарағанды қаласы Октябрь аудандық №3 сотымен қарастырылған қылмыстық істегі М-ның көршілерінің өтініші бойынша өрт қауіпсіздігі қызметінің қызметкерлері өрт сөндіру кезінде электр тасымалдау желісінен қиып тастаған сымды өз бетімен электр қуатының көзіне қосуы әрекетіндегі ниеті өтінішті қанағаттандыруды айта аламыз [7]. М. көршілердің сөзін жерге тастамай, оларға қызмет қыламын деген ниетпен әрекеттенген. Сот, әрине, бұл жағдайды жеңілдететін мән-жай ретінде таныған.

Қоғамдық-пайдалы, әлеуметтік-қолдау тауып отырған «жағымды» ниеттер моральдық және құқықтық ұстаным бойынша оң бағаланатындықтан, қылмыстық жауаптылықты даралау кезінде жеңілдететін мән-жай ретінде заңмен бекітілген әрі жазалау кезінде сотпен ескеріледі.

Жағымсыз танылған ниеттердің қатарына пайдакүнемдік, бұзақылық, жеккөрініш, кек алу сынды қоғамдық-қауіпті, опасыз, ұждансыз ниеттер жатады. Мысалы: Қарағанды қаласы Қазыбек би аудандық №2 сотымен сотталған Т-ға ҚР ҚК 101-б. 1-б. бойынша үкім шығарған кезде сот оның әрекетінің бұзақылық ниетін ауырлататын мән-жай ретінде ескерген. Іс барысынан Т. кафеден шыққан Г-ның артынан қуып жетіп, дүкеннің қасында тоқтатқан. Т. айналасындағылардың ескертуіне

құлақ аспай, төбелесті ұштатқан. Содан Г-ны бар күшімен бетіне жұдырықпен ұрып жіберген. Қолы қалтасындағы Г. өзін ұстай алмай, шалқалап асфальт жерге қаракұсымен құлайды. Г. ауруханада бас миінің ісінуінен қайтыс болады [11]. Осы істі қараған судьяның бізге берген сұхбатында Т. қоршағандарды сыйламайтын, бұзақы, қаза болған адамға еш жанашырлық танытпаған, агрессияшыл мінез-құлық танытқан. Осыған дейін де оның мінезінде қоғамдық талаптарды өрескел бұзған әрекеттер кездескен екен. Қылмыстық нәтижеге әкеп соққан төбелесті өзі бастаған. Үкім шығару кезінде бұндай ниет ауырлататын мән-жай ретінде танылған.

Бейтарап ниеттерге келсек, олар қылмыстық жауаптылыққа тарту кезінде пәрменді ескерілмейді. Оларға әуестік, сотқарлық, желікпелік, үрей, қорқынышты жатқызуға болады. Мысалы, Ақмола облысы Атбасар аудандық сотымен кінәлі деп танылған кәмелетке толмаған П-ның әрекетке итермелеген ниеті — үрей. Іс материалдары бойынша П. өзінен 12 жас үлкен А-мен бірге Жабай өзенінің жағасында ішімдік ішкен. Қатты мас күйіндегі А. П-ны жыныстық қатынасқа түсуге күштеген. Бұндай күштеуден қорқып кеткен П. А-ны өзінен аяғымен итеріп жібереді. Аяғы тайып А. суға құлаған. Қорқып кеткен П. қылмыс жерінен кетіп қалады. А. суға тұншығып өлген [12].

Тұрмыстық абайсыз қылмыстардың жағымсыз ниеттер 51 %, бейтарап ниеттер — 36, жағымды ниеттер 13 % құрап отыр. Жағымсыз ниеттердің басымшылыққа ие болуы оларды қалыптастыратын әлеуметтік факторларға тәуелді.

Тұрмыстық абайсыздық себептеріне арнап жүргізілген зерттеулер төмендегідей тұжырым жасау мүмкіндігін берді:

- себеп абстрактілі емес, нақты нәтижені туындатқан, яғни тұрмыстық қауіпсіздік ережелеріне, атыс қаруын сақтау ережелеріне жауапсыздықпен қараудың салдары нақты ауыр зардаптарға әкеп соққан;
- тұрмыстық абайсыздық әрекеттері жауаптылыққа тартудың қажетті шарты болып табылатын кінәнің абайсыздық нысанымен жасалатындықтан, себептер әлеуметтік-психологиялық сипатқа ие болады;
- тұрмыстық абайсыздық себептерінің әлеуметтік-психологиялық деңгейі қылмыскердің бойында жауапсыздық, жеңілтектік ниетті қалыптастыратын келеңсіз ортаға байланысты;
- тұрмыстық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін ұлттық заңнама жүйесі нашар дамыған;
- тұрмыста қылмыстық абайсыздық танытқан тұлғалар жөнінде бірыңғай ақпарат базасының болмауы оларға ықпал ету жолдарын тежеп отыр;
- тұрмыстық қауіпсіздікке, қоғамдық қауіпсіздікке және адамдардың өмірі мен денсаулығына немқұрайлылық танытатын адамдардың қоғамға жат көзқарастары нығайып келе жатыр;
- тұрғындардың құқықтық санасы мен мәдениеті нашар;
- атыс қаруын сақтауды қызметтік міндеті бойынша атқарушылар ұқыптылығын жоғалтып, қызмет талаптарын тиісті атқармайды;
- тұрмыстық саладағы, атыс қаруының айналымындағы құқыбұзушылықты алдын алу шараларын қамтамасыз ететін құқыққорғау органдарының жұмысындағы кемшіліктер. Қылмыстылыққа жол бермеу мақсатында тұрмыстық саладағы болған әкімшілік жауаптылыққа тарту шараларын тиісті қолданбау;
- қоршағандардың тұрмыс саласындағы қауіптілік ережелерін бұзу, атыс қаруын сақтау ережесін бұзу фактілеріне парықсыз қарауы, анықталған жағдайларды құқыққорғау органдарына хабарламауы;
- атыс қаруын иеленуге рұқсат беру жүйесіндегі қызметшілер біліктілігінің төмен деңгейі;
- тұрмыстық саладағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуші заңнаманың кемеліне жетпеген деңгейі, өз кезегінде тұрмыстық латенттікті дамытады;
- жекелеген азаматтардың өндірістегі немесе тұрмыстағы теріс мінез-құлқына немесе олардың қызметтік не азаматтық борышын бұзуына назар аудару құқығын соттың сирек пайдалануы.

Тұрмыстық абайсыздық механизміндегі тұлғаның оқиғаны басынған жағдайлары туралы айтар болсақ, келесі қорытындылар жасаймыз:

1. Тұрмыс аясында абайсыз қылмыс жасайтындардың ішінде адамгершілік және құқықтық сананың ақаулықтары айқын көрінген тұлғалар оқиғаны криминогендік желіске бағыттайды. Олар бұған дейін ұдайы қоғамдық тәртіпті бұзғандар, сотталғандар, маскүнемдер т.б.

2. Қауіпсіздік нормаларын бұзуға септігін тигізетін элементтердің жоқтығына қарамастан, оқиғаны қылмыстық сипатқа бағыттаушылар. Бұл оқиғалар бейтарап күйге ие болатын жағдайлар. Ондай оқиғаның қылмыстық нәтижеге жеткізетін жағымсыз мінездемеге ие тұлғалар.

3. Тұлғаның белсенділігі тек бейтарап жағдайда ғана емес, карама-қайшылық жағдайларында да орын алады. Ондайда қауіпсіздік ережелерін бұзуға кедергі жасайтын, мүмкін болатын қауіптілікті ескертетін және абайлауды талап етер жағдай бола тұра, тұлға криминогендік нәтижеге бет бұрады.

4. Барлық менмендікпен жасалатын қылмыстардың жағдайы. Менмендікпен әрекет еткен тұлға өз әрекетінің мүмкін болатын зардаптары туралы білгендіктен, құқықтық сипаттағы мінез-құлықты тандап алу еркі бар, бірақ ол қылмыстық нәтижені болдырмайтынына жеңілтектікпен сеніп, саналы тәуекелге барады деп пайымдаймыз. Субъект құндылық бағдары, адамгершілік және құқықтық санадағы ақаулықтардың кесірінен өзі үшін келеңсіз салдарды туындататын қателік жібереді.

Жалпы біз ұсынып отырған қорытындыны өзіміздің зерттеу жүргізген қылмыстық істер бойынша жасап отырмыз. Тәжірибелік материалдар бойынша әрбір алтыншы қылмыс кезінде ғана оқиға субъектіге шешуші ықпалын тигізген. Бұндағы анықтағанымыз қылмыстық бағдарға себепші оқиғаның бойында қауіптілік жөнінде хабардар ететін айқын белгілердің немесе ақпаратты дұрыс қабылдап, бағалау мүмкіндігінің болмауы немесе субъектінің бейқамдық, шалалық, салақтықтық білдіріп, жағдайдың қауіпті элементтерін ашу үшін еріктік және интеллектуалдық күшін салмауы.

Тұрмыс аясындағы абайсыз қылмыстардың мінез-құлқының ниеттілігі — тұлғаның негативтік қасиеттері және оның өмірі мен қарекетінің қолайсыз жағдайларынан тұратын сыртқы және ішкі шарттарының өзара үйлесу нәтижесі.

Сонымен, тұрмыстық абайсыздық қылмысының мінез-құлық механизмін біз тұрмыстық салада абайсыз кінә нысанымен қылмыс жасауға себепші объективтік сыртқы факторлар және ішкі психикалық үрдістердің байланысы мен арақатынасы деп анықтадық.

Әдебиеттер тізімі

1. Бакишев К.А. Роль личности в механизме неосторожного преступного поведения // Фемида. — 2003. — № 12.
2. Квашин В.Е. Криминологические аспекты проблемы преступной неосторожности // Вопросы борьбы с преступностью / Под ред. В.В. Клочкова. — М.: Юрид. лит., 1978. — Вып. 28. — С. 22.
3. Көкшетау қалалық сотының мұрағаты. — 2005 ж. — Мұр. № 1–172. — Қылмыстық іс № 055319010008.
4. Қарағанды қаласы Октябрь аудандық сотының мұрағаты. — 2006 ж. — Мұр. № 192. — Қылмыстық іс № 06357203100077.
5. Ақмола облысы Сандықтау аудандық сотының мұрағаты. — 2008 ж. — Мұр. № 48. — Қылмыстық іс № 08116403100044.
6. Механизм преступного поведения / Ред. В.Н. Кудрявцев. — М.: Наука, 1981. — 248 с. (Право и социология).
7. Қарағанды қаласы Октябрь аудандық № 3 сотының мұрағаты. — 2002 ж. — Мұр. № 76. — Қылмыстық іс № 05357103100179.
8. Квашин В.Е. Теоретические основы профилактики неосторожных преступлений: Учеб. пособие. — М.: РИО Акад. МВД СССР, 1977. — С. 39.
9. Джекебаев У.С., Рахимов Т.Г., Судакова Р.Н. Мотивация преступления и уголовная ответственность. — Алма-Ата: Наука, 1987. — С. 227.
10. Бакишев К.А. Мотивация неосторожного преступного поведения // Қазақстанда тәуелсіз мемлекеттіліктің қалыптасуы мен дамуындағы Конституцияның рөлі: ҚР Конституциясының 10 жылдығына арнал. халықарал. ғыл.-практ. конф. материалдары. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2005. — С. 352.
11. Қарағанды қаласы Қазыбек би аудандық № 2 сотының мұрағаты. — 2004 ж. — Мұр. № 47. — Қылмыстық іс № 1–504.
12. Ақмола облысы Атбасар аудандық соты. — 2008 ж. — Мұр. № 283. — Қылмыстық іс № 08113803100224.